

## **Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы Қызылжар кентінің көшелерін қайта атау туралы**

Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы Қызылжар кентінің әкімінің 2022 жылғы 12 сәуірдегі № 01 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 сәуірде № 27653 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Қызылжар кенті тұрғындарының пікірін ескере отырып және Облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы Қызылжар кентінің көшелері:  
40 лет Победы көшесін Тәуелсіздік көшесіне;  
Мира көшесін Бейбітшілік көшесіне қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қызылжар кентінің әкімі*

*Д. Жайлаубаев*